	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017-1.38-2022
	Ереже Нормативтік құжат түрі	№2 баспа 31.10.2022ж. Стр. 1 из 5

**ҚР МСМ МК «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер
 академиясы» РММ
 жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламалары бойынша
 іріктеу комиссиясы туралы ереже**

Алматы
 2023ж.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ
ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ
КОМИТЕТІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ

П 017-1.38-2022

№2 баспа
31.10.2022ж.

Ереже
Нормативтік құжат түрі

Стр. 2 из 5



Іріктеу комиссиясы туралы ереже


1. Жалпы ережелер

1. Осы іріктеу комиссиясы туралы ереже «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының ерекше мәртебесі туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 14 ақпандағы №66 қаулысына, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен тиісті білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына, бекітілген үлгідегі білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына, Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығына сәйкес әзірленді.

2. Іріктеу комиссиясы Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының (бұдан әрі - Академия) қабылдау комиссиясының талапкерлерді жіберу және білім беру бағдарламалары бойынша шығармашылық емтихандардан өтуге құжаттарды тапсыру үшін іріктеу турын дайындауды және өткізуді жүзеге асыратын функционалдық бөлімшесі болып табылады. Іріктеу комиссиясы Академияның құрылымдық бөлімшесі болып табылмайды.

3. Іріктеу комиссиясының мақсаттары мен міндеттері:

- талапкерлерді іріктеу;
- талапкер туралы деректерді жинау және өзі таңдаған білім беру бағдарламасын анықтау мақсатында сауалнама жүргізу;
- білім беру бағдарламасының бағыты бойынша кәсіптік даярлық деңгейін ескере отырып, әлеуетті талапкермен әңгімелесу өткізу;
- консультациялар шеңберінде іріктеу комиссиясы талапкердің кәсіптік даярлық деңгейін қосымша қарау құқығын өзіне қалдырады;
- құжаттарды қабылдау рәсімі бойынша ақпараттық материалдармен қамтамасыз ету;

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017-1.38-2022
		№2 баспа 31.10.2022ж.
<u>Ереже</u> Нормативтік құжат түрі		Стр. 3 из 5

- кеңес беру мен түсу емтихандарын бағдарламалармен және кестемен қамтамасыз ету.

2.Іріктеу комиссиясының құрамын қалыптастыру тәртібі

4.Іріктеу комиссиялары әрбір білім беру бағдарламасы бойынша және (немесе) іріктеу кезеңдерінің нақты түрлері бойынша қалыптастырылады.

Іріктеу комиссияларының құрамы оқу ісі жөніндегі проректордың ұсынуы бойынша Академия ректорының бұйрығымен бекітіледі. Іріктеу комиссияларының өкілеттік мерзімін Академияның уәкілетті органы белгілейді.

5.Іріктеу комиссиясының құрамына: іріктеу комиссиясының мүшелері, іріктеу комиссиясының хатшысы (хатшылары) кіреді. Іріктеу комиссиясының хатшысы оның мүшесі болып табылмайды.

6.Іріктеу комиссиясының мүшелері Академияның профессорлық - оқытушылық құрамының тәжірибелі және білікті өкілдері қатарынан тағайындалады.

7.Іріктеу комиссиясының жұмысын ұйымдастыру үшін Академияның профессорлық-оқытушылық және (немесе) оқу-көмекші құрамынан іріктеу комиссиясының хатшысы (хатшылары) тағайындалады.

8. Іріктеу комиссиясының мүшелері мен хатшысы Академия ректорының бұйрығымен бекітіледі.


9. Академия ректорының бұйрығы және осы Ереженің негізінде академияның орналасқан жерінен тыс, басқа қалалар мен облыстарда жұмыс істейтін көшпелі іріктеу комиссиясы құрылады (қажет болған жағдайда).

3. Іріктеу комиссиясының жұмысын ұйымдастыру

10.Іріктеу комиссиясының міндеттеріне тиісті білім беру бағдарламаларына оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихандар бойынша кеңес беруді дайындау және өткізу кіреді.

11.Іріктеу комиссиясы оқуға түсушілердің қабілеттері мен бейімділіктерін объективті бағалауды қамтамасыз етеді.

12.Іріктеу турын ұйымдастыру және өткізу мәселелерінде комиссия қабылдау қағидаларын және қабылдау комиссиясы туралы Ережені басшылыққа алады.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017-1.38-2022
		№2 баспа 31.10.2022ж.
	<u>Ереже</u> Нормативтік құжат түрі	Стр. 4 из 5

13. Іріктеу комиссиясының құрамына кірмейтін тұлғалардың осы комиссия қызметінің мәселелері бойынша іріктеу комиссиясының мүшелері үшін қандай да бір нұсқаулар беруге құқығы жоқ.

14. Талапкер іріктеу комиссиясының алдынан 1 мәрте ғана өте алады.

15. Іріктеу турының нәтижелері бойынша комиссия құжаттарды тапсыруға және шығармашылық емтихандар конкурсына қатысуға рұқсат беруге немесе қабылдамауға құқылы.

16. Іріктеу комиссиясының хатшысы:

1) іріктеу туры бойынша құжаттарды, хаттамаларды ресімдеу және толтыру сапасы үшін;

2) оқуға түсушілерге консультациялар мен шығармашылық емтихандарынан өтуге рұқсаттама мен құжаттарды рәсімдеуге;

3) іріктеу комиссиясының жұмысы туралы барлық қажетті құжаттар мен ақпаратты Академияның қабылдау комиссиясына уақтылы беруге жауапты болады.

17. Іріктеу кезеңінен сәтті өткен жағдайда комиссия талапкерге құжаттарды тапсыруға рұқсат береді;

18. Іріктеу кезеңінен өту деңгейі төмен болған кезде комиссия талапкерге құжаттарды тапсыруға рұқсат бермейді.

19. Іріктеу комиссиясы талапкердің қандай да бір бағытқа шығармашылық бейімділігін айқындайды және олардың көрсеткіштерін ескере отырып, белгілі бір білім беру бағдарламасының бейініне оқуға түсуді ұсынады.


4. Талапкерлердің білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкестігін бағалау критерийлері:

1) кәсіби дағдыларды дамыту деңгейі;





2) Көркемдік-орындаушылық шеберлік деңгейі;

3) кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін қажетті арнайы қабілеттердің болуы және даму деңгейі;

4) білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес келетін медициналық көрсетілімдер/қарсы көрсетілімдер;

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017-1.38-2022
	Ереже Нормативтік құжат түрі	№2 баспа 31.10.2022ж. Стр. 5 из 5

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

Әзірленді:		
Жауапты хатшы		В.Н. Алпысбаева
Согласовано:		
Оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректоры		Ш.А. Амирбеков
Оқу-әдістемелік қызмет басшысы		Ж.А. Джумадилова
Заң бөлімінің басшысы		П.Э. Исламов
Стратегиялық жоспарлау және сапа менеджменті жүйесі бөлімінің басшысы		А.Е. Молдабаева